

Бекітемін:

ЖК Н.И.Гайып «Ақбөбек» балабақшасы

Әдіскері: Дана -Ж. Балтабаева

Дана -Ж. Балтабаева 2026жыл

Білім беру ұйымы "Ақбөбек" балабақшасы

Топ: "Құпиянай" мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастан

Педагогтың аты-жөні: Утегенова Г.Ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2026 жыл 1 апта

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.03.2026 ж	Сейсенбі 31.03.2026 ж	Сәрсенбі 01.04.2026 ж	Бейсенбі 02.04.2026ж	Жұма 03.04.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланың өздігінен кінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Кішімің өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Құқықтық сауаттылық ойыны Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Ойын барысы: Тәрбиеші түрлі жағдаяттарды айтады: – «Бала ойыншықты рұқсатсыз алып кетті» – «Бала досына көмектесті» – «Бала кезек күтпей сойледі» Балалар: – «Дұрыс» немесе «Бұрыс» деп жауап береді – Нәліктен олай екенін түсіндіреді	Қаржылық сауаттылық ойыны Ойын: «Дүкен» Ойын барысы: Тәрбиеші «дүкен» ұйымдастырады. Балаларға шартты ақша беріледі. Балалар: – Қай затты алатынын таңдайды – Ақшасын санайды – Артық жұмсамауға тырысады Сұрақтар қойылады: – «Неге осыны таңдадың?» – «Ақша жетті ме?»	Ерте кәсіптік бағдар беру ойыны Ойын: «Мен кім болам?» Ойын барысы: Тәрбиеші мамандықтарды атайды: дәрігер, мұғалім, құрылысшы, аспаз Балалар: – Таңдаған мамандығын айтады – Сол маманның не істейтінін көрсетеді (қимылмен) Мысалы: «Мен дәрігермін – адамдарды емдеймін»	Адалдық әліппесі ойыны Ойын: «Адал бала» Ойын барысы: Тәрбиеші жағдаят айтады: – «Сен жерде жатқан ойыншықты көрдің» – «Сен қателік жасадың» Балалар жауап береді: – «Мен оны несіне беремін» – «Мен шындықты айтамын» Тәрбиеші балалардың жауаптарын талқылайды.	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Біздің ауыл» Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға «ауыл» құруды ұсынады. Балалар өздері рөлдерді таңдайды: – дүкенші – сатып алушы – дәрігер – мұғалім – құрылысшы – фермер Әр бала өз ролін ойнайды және соған сәйкес әрекет жасайды.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуірайына арналған танертенгі жаттығулар кешені Танғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Танғы ас	Танғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Кәуіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Тіл дамыту Тақырыбы: Көктем келді Міндеті: Балаларды көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Игнорацияны дұрыс қолдануға үйрету. Сөздік қорын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын Әдіс, мадақтау Тапсырмалары: Көктем туралы әңгіме құрастыру Ойын: «Көктемді ата» Ойын барысы:	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі Міндеті: Балаларды сюжетті түсінуге, кейіпкерлерді таңуға үйрету. Белгілі образды сомдауға, өз ойынша түрлендіруге мүмкіндік беру. Шығармашылық бастамашылдығын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Ертегі оқу, әңгімелесу, сахналау, ойын	Математика негіздері Міндеті: Балалардың танымдық қызығушылығын арттыру, сандары туралы білімдерін қалыптастыру, санау дағдыларын дамыту. Зейін, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік, ойын, зерттеу элементтері Тапсырмалары: Заттарды санау Сандарды ретімен айту	Қазақ тілі «Мал – халық байлығы» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Мақалды түсіндір және қолдан» Тәрбиеші балаларға «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның қол-көсір» мақалын ұсынады. Балалар мақалдың мағынасын өз сөздерімен түсіндіреді. Балалар толық, жайылма сөйлеммен жауап береді: «Бұл мақалда қойдың өте пайдалы мал екені айтылған. Себебі қой жүн, ет береді». Балалар мақал мазмұнын өз	Математика негіздері Тақырыбы: Көп және аз Міндеті: Салыстыру дағдыларын дамыту. Себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру. Әдіс-тәсілдері: Салыстыру, бақылау, талдау Тапсырмалары: Көп-азды анықтау Ойын: «Қайсысы көп?» Ойын барысы: Балалар екі топтағы заттарды салыстырып, қайсысы көп екенін айтады.

Балалар көктем белгілерін атайды; жүн жылынады, қар ериді. Толық сөйлеммен айтуға үйретіледі.	Тапсырмалары: Ертегіні мазмұндау, кейіпкерлерді атау Ойын: «Басқаша аяқта» Ойын барысы: Балалар ертегінің соңын өз санды атайды, қиялымен өзгертеді.	Ойын: «Сана және тап» Ойын барысы: Балаларға заттар беріледі (текшелер). Балалар оларды санап, дұрыс өзгертеді.	өмірімен байланыстырып айтады. Ойын 2: «Өз көзқарасыңды білдір» Балаларға сұрақ қойылады: «Қай мал ең пайдалы?» Балалар өз пікірін дәлелдеп айтады: «Менің ойымша, жылқы ең пайдалы мал, себебі ол қымыз береді және адамға көлік болады». Балалар бір-бірінің жауабын тыңдап, толықтырып, еркін талқылайды.	Қазақ тілі «Малдың адамға пайдасы» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Салыстырып сөйле» Балалар екі малды салыстырады: «Сыыр сүт береді, ал қой жүн береді». Балалар толық сөйлеммен жауап беруге жаттығады. Ойын 2: «Көркем сөз қолдан» Балалар мақал немесе тұрақты тіркестерді қолданады: «Мал – адамның байлығы» деген тіркеспен сөйлем құрайды.
Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дыбыс және сөз Міндеті: Балаларды сөздің дыбыстардан құралатыны туралы түсінік қалыптастыру. Сөздегі дыбыстардың ретін дұрыс анықтауға үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру. Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілікпен жұмыс, дыбыстық талдау, ойын әдісі, мадақтау Тапсырмалары: Берілген сөздерді дыбыстық талдау Дыбыстарды ретімен атау Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Ойын: «Қай дыбыс?» Ойын барысы: Тәрбиеші «ана», «ата», «ала» сөздерін айтады. Балалар сөзді тыңдап, әр дыбысты ретімен айтады: а-н-а. Қай дыбыс дауысты, қайсысы дауыссыз екенін анықтайды. Әр баланың жауабы тыңдалып, түзетіледі.	Сауат ашу Тақырыбы: Дауысты және дауыссыз дыбыстар Міндеті: Дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Дыбыстарды дұрыс айтуға, ажыратуға үйрету. Әдіс-тәсілдері: Өңімелесу, түсіндіру, салыстыру, жаттығу, ойын Тапсырмалары: Дыбыстарды топтастыру Дауысты дыбыстарды сөзіп айту. Ойын: «Дұрыс бал» Ойын барысы: Тәрбиеші дыбыстар айтады: а, б, о, т, і Балалар дауысты дыбыстарды бір жаққа, дауыссыз дыбыстарды екінші жаққа бөледі. Әр дыбысты дұрыс айтуына назар аударылады.	Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Жазу жолымен танысу Міндеті: Дөңгелекті жазу жолын және жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, практикалық жұмыс, ойын Тапсырмалары: Жазу жолын табу Сызық бойымен жүргізу Ойын: «Жолды тап» Ойын барысы: Тәрбиеші дөңгелекті жолдарды көрсетеді. Балалар қай жер жазу жолы, қай жер жоларалық екенін көрсетеді. Содан кейін қарындашпен жол бойымен жүргізеді.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын 1: «Дыбысты анық айту» Балалар қ, ұ, ң дыбыстары бар сөздерді дұрыс айтуға жаттығады: қой, құлын, қоян, жанғырық. Сөздерді буына бөліп, анық айтуға көңіл бөлінеді. Ойын 2: «Тыныс және диқция» Балалар «Қоян қой қорада тұр» жанытпапашын бірнеше рет қайталайды. Сөйлемді бір тыныспен айту, дыбыстарды анық айтуға жаттығады. Сөздік қор Ойын 1: «Жұмбақ шешу» Тәрбиеші жұмбақ жасырады, балалар толық жауап береді: «Өзі үлкен, мүйізі бар, сүт береді – бұл сиыр». Ойын 2: «Айтыс элементі» Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ малдың пайдасын айтады, екінші топ жалғастырады: «Сыыр сүт береді» – «Жылқы қымыз береді». Балалар көркем, байланыстырып сөйлеуге	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын 1: «Дыбыстарды дұрыс айт» Балалар қ, ұ, ң дыбыстары бар сөздерді анық айтады: құлын, үкі, құс. Ойын 2: «Қарқын және тыныс» Балалар сөйлемді бау және жылдам айтады: «Мал адамға көп пайда береді».
Дене Тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды желкеге қою. Саусақтарды айкастырып, алға- жоғары көтеру (қолды сыртқы	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Алдыңғы жаттығуларды қайталау көктемгі қимылдарды еске түсіру	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды желкеге қою. Саусақтарды айкастырып, алға- жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Қолды жоғары көтеріп, жан- жаққа бұрылу. Гимнастикалық қабырғада		

жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Гимнастикалық қабырғада тартылып тұрып, аяқтарды көтеру (5-6 рет). Етпетінен жатып, қолдың көмегімен еңбектеу (3 м). Аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. Негізгі қимылдар: Заттардың, кегльдердің арасымен жүру. Жіптерден аттап жүру. 20 м қашықтыққа жылдамдыққа жүгіру. Музыкалық-ырақтық қимылдар: Түзу бағытта адымдап жүру. Спорттық ойын элементтері: Бадминтон – воланды бағыттап лақтыру. Қимылды ойындар: «Кедергілер жолы». Қимылды ойындар: «Кедергілер жолы» Балалар көктемгі саяхатқа шыққандай әртүрлі кедергілерден өтеді секіреді еңбектейді аттап өтеді Заттарды айналып өтіп белгіленген жерге жетеді Ойын барысында шапшаңдық ептілік және тепе-теңдік дамиды Көктемгі табиғаттағы кедергілерді бейнелеп ұйымдастырылады Қоршаған әлеммен таныстыру Тақырыбы: Үй жануарлары және олардың төлдері Міндеті: Қазақстан аумағында мекендейтін үй жануарларын және олардың төлдерін атауға үйрету. Жануарларды өзіне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Дене қыздыру арқылы қозғалысқа дайындалу Негізгі қимылдар Арқаннан секіру он және сол аяқпен кезекпен секіру Орында айналып секіру көктемгі көңілді қозғалыс ретінде орындау Қимылды жеңіл әрі ырғақты жасау Музыкалық-ырақтық қимылдар Жүппен шеңбер бойымен жүру көктемгі серуенді бейнелеу Музыка ырғағына сай қозғалу Спорттық ойын элементтері Воланды бағыттап лақтыру дөңдік пен ептілікті дамыту Қимылды ойындар: «Кім биік секіреді?» Балалар кезекпен секіріп жарысады Кім биік және дұрыс секірсе сол жеңімпаз болады Қуаныш пен белсенділік артады Дербес қимыл белсенділігі Өз бетінше ойын ұйымдастыру Балалардың өркін қозғалуына мүмкіндік беру Қимылдарға қызығушылық арттыру Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу Құрастыру Шығармашылық іс-әрекет Тақырыбы: Қазақ ою-	қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Етпетінен жатып, қолдың көмегімен еңбектеу (3 метр). Аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. Негізгі қимылдар Доппы 4-5 метр қашықтыққа лақтыру және алға қарай жылжып екі қолымен қағып алу көктемгі ойын ретінде орындау Сап түзен бір және екі қатармен қайта тұру ұйымшылдыққа үйрету Қимылды дәл әрі үйлесімді орындау Музыкалық-ырақтық қимылдар Түзу бағытта адымдап жүру көктемгі серуенді бейнелеу Музыка ырғағына сай қозғалу Спорттық ойын элементтері Бадминтон воланды ракеткамен белгілі бір бағытқа лақтыру дөңдік пен ептілікті дамыту Қозғалысты бақылап орындау Қимылды ойындар: «Допты ұстап ал» Балалар бір-біріне доп лақтырып оны қағып алады Көктемгі алаңда ойнағандай қозғалады Шапшаңдық пен зейін дамиды Тіла дамыту Тақырыбы: Көктемдегі ауа райы Міндеті: Дауыс қарқынын, екпінді дұрыс қолдану. Сын есімдерді қолдану. Әдіс-тәсілдері: Көрінісілік, әңгіме, ойын Тапсырмалары: Ауа райын сипаттау Ойын: «Қалай айтамыз?» Ойын барысы: «Күн жылы» сөйлемін әртүрлі	дағдыланады. Грамматикалық құрылым Ойын 1: «Септеп айт» Балалар «сыыр» сөзін септейді: сыыр, сыырдың, сыырға, сыырды, сыырда, сыырлан. Ойын 2: «Сөйлем түрлерін ажырат» Балалар сөйлем түрлерін қолданады: Хабарлы: Сыыр сүт береді. Сұраулы: Сыыр не береді? Лепті: Қандай пайдалы мал! Байланыстырып сөйлеу Ойын 1: «Сурет бойынша сипатта» Балалар суреттегі малды сипаттайды: «Үлкен ақ сыыр далала жайылып жүр». Ойын 2: «Әңгіме құрастыру» Балалар 5-6 сөйлемнен тұратын әңгіме құрайды. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» ертерісі Міндеті: Бірлесіп әрекет етуге үйрету. Рөлге еніп ойнау дағдыларын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Сахналау, рөлдік ойын Тапсырмалары: Рөлдерді бөліп ойнау Ойын: «Рөлді сомда» Ойын барысы: Балалар кейіпкерлерді өз қалауынша ойнайды, дауысын өзгертіп сөйлеуге тырысады. Математика негіздері Тақырыбы: Заттарды	Байланыстырып сөйлеу Ойын 1: «Әңгіме құрастыр» Балалар малдың пайдасы туралы 5-6 сөйлем айтады. Ойын 2: «Диалог құру» Балалар жұппен сөйлеседі. Қоршаған әлеммен таныстыру Тақырыбы: Төрт түлік және олардың пайдасы Міндеті: Төрт түліктің адамға пайдасын түсіндіру. Оларды күтіп-баптау туралы түсінік қалыптастыру. Әдіс-тәсілдері: Әңгіме, түсіндіру, бақылау, ойын Тапсырмалары: Пайдасын айту Ойын: «Не береді?» Ойын барысы: Балалар: «Сыыр – сүт береді», «Кой – жүн береді» деп жауап береді. Музыка Музыка тыңдау Дина Нұрпейісованың күйін тыңдау. Домбыра үнін таниды. Музыкаға зейін қояды. Күйдің сипатын (шапшаң, баяу, көңілді, мұңды) ажыратады. Күй жанрына қызығушылық танытады. Музыка арқылы өз эсерін білдіреді.
--	--	--	---	---

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, көрнекілік, сұрақ-жауап, бақылау, ойын, мадақтау Тапсырмалары: Жануарларды атау Толдерін сөйкестендіру Ойын: «Төлін тап» Ойын барысы: Тәрбиеші жануарларды атайды (сиыр, қой, жылқы). Балалар олардың төлдерін атайды: бұзу, қозы, құлын. Толық жауап беруге бағыт беріледі.	өрнектерімен танысу Міндеті: Қазақ ою-өрнектері («жауказым», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым қаламмен бейненің сұлбасын жеңіл жүргізуге үйрету. Қарапайым пішіндерді мүсіндеу, жапсыру және құрастыру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, практикалық жұмыс, ойын, мадақтау Тапсырмалары: Ою элементтерін салу Қарапайым пішінді мүсіндеу Қағаздан ою кино Құрастыру Ойын: «Оюды жалғастыру» Балалар оюдың жалғасын өздері ойлап салады, мүсіндейді немесе жапсырады.	дауыс ырғағымен айту. Міндеті: Зерттеу дағдыларын дамыту. Заттарды белгілері бойынша топтастыруға үйрету. Әдіс-тәсілдері: Зерттеу, талдау, ойын Тапсырмалары: Түсі, пішіні бойынша бөлу Ойын: «Топқа бөл» Ойын барысы: Балалар заттарды топтарға бөледі (түсі, көлемі). Музыка Музыка тыңдау Домбыра мен қобыз үнін тыңдату. Тембрлік ерекшеліктерін ажыратуға тырысады. Күй жанрымен танысады. Музыкаға зейін қояды. Домбыра мен қобыз дыбыстарын салыстырады. Музыканың сипатын (көңілді, мұңды) ажыратады. Музыка арқылы өз эсерін білдіреді. Ән айту Әнді бірге орындау. Музыкалық талғаммен айтуға тырысады. Әуенге сәйкес дұрыс айтуға дағдыланады. Дауыс ырғағын сақтайды. Сөздерді анық және мәнерлі айтуға тырысады. Топпен үйлесімді ән айтуға қатысады. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыканың сипатына сәйкес қозғалу. Қарапайым қимылдарды өзгерту. Музыка ырғағына сай	Ән айту Әнді мәнерлеп айту. Дыбысты таза айтуға тырысады. Әуенге сәйкес дұрыс айтуға дағдыланады. Дауыс ырғағын сақтайды. Сөздерді анық және түсінікті айтуға үйренеді. Топпен үйлесімді ән айтуға қатысады. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыка бөліктеріне сәйкес қимылды өзгерту. Музыка ырғағына сай қозғалу. Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады. Музыканың өзгерісін қимыл арқылы көрсетеді. Билер «Қаражорға» биінің қарапайым элементтері. Музыка ырғағына сәйкес қозғалу. Қимылдарды үйлесімді орындауға тырысады. Ұлттық би элементтеріне қызығушылық танытады. Би шығармашылығы Қимылдарды өз бетінше құрастыру. Музыкаға сәйкес еркін қозғалу. Шығармашылық белсенділік танытады. Қимыл арқылы өз ойын жеткізеді. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Бүбмен ыргак соғу. Ырғақты сақтауға тырысады. Қатты және ақырын дыбысты ажыратады. Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады. Музыка ырғағына сәйкес ойнайды.
--	--	--	--

		қозғалысын реттейді. Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады. Қимыл арқылы музыканың мазмұнын жеткізеді. Билер Қарапайым би қимылдарын орындау. Музыкаға сәйкес қозғалу. Қимылдарды үйлесімді орындауға тырысады. Қарапайым би элементтерін біріктіреді.	Топпен бірге ойнауға қатысады
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын таңуды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету		
Серуен	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру Саурайына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасакталған		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын таңу дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).		
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суда қолымды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің ішкіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру		
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінен ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).		
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы		

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рольдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Тіл ұстарту жаттығуларын. Та-та та- айла толы табиғат Аш-аш-аш-мынау ұзын ағаш Ас-ас-ас мынау қоныр тас У-у-у –сылдырлайды су (көркем әдебиет)	Нан дастарханға қалай келеді? Мақсаты: нанның дастарханға дейінгі келу сатысымен танысады. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	«Дикан мен комбайншы» Мақсаты: дикан бидай егеді, комбайншы оны қамбаға жеткізу үшін, оны орады. Астықты жинайды, жағдайды саралайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	«Нанды кім пісіреді?» Мақсаты: наубайшы еңбегімен танысады, наубайшы еңбегін бағалауға тәрбиеленеді. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Вариативтік компонент "Хореография" Маман жоспарымен	«Нан пайда болуындағы тізбек» Мақсаты: нанның дастарханға дейінгі келуі үшін еңбек ететін маман иелері туралы біледі, оларды атай алады. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс: Коррекциялық жұмыс. Тілдік дамыту жаттығулары. «Сөздер ұқсас дыбыс шығарады ма?». Мақсаты: Тілдің дыбысталу мәдениетін дамыды.	Жеке жұмыс: Коррекциялық жұмыс. «Баудағы не?» Ара болсаң, ызында 3-3-3, ж-ж-ж, 3-3-3, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (3-3-3) - қатты жай	Жеке жұмыс: «Буынды сөз құрау» ойынын өткізуге болады Мысалы: - ас, - бақ, - ком, - пан, - са, - байн буындар берілсе, оқушылар са – бақ, ас – пан, деген сөздерді құрайды.	Жеке жұмыс: Коррекциялық жұмыс. Дыбыстық жаттығу. «Дәрігерге тамағыңды көрсеткенде аузыңды ашып, қандай дыбыс шығарасың? А а а Қуыршақты жұбатқанда қандай дыбысты айтасың? Ә Ә Ә	Жеке жұмыс: Коррекциялық жұмыс. Жаңылтпаш: «С», «Ш» дыбыстарының дұрыс айтуға жаттықтыру. Үш кісі, ішік пішті. Бес кісі ішік пішті. Неше кісі ішік пішті
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киімдерігі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Қақпаға дәл соқ» Шарты: Балалар допты белгіленген қақпаға аяқпен дәл соғады.	«Эстафеталық жүгіру» Шарты: Екі топ кезекпен жүгіріп, тақияны келесі балаға береді.	«Қаршыға мен балапандар» Шарты: Балапандар алаңда жүреді, қаршыға шыққанда үйшігіне жүгіріп кіреді.	«Нысанға тігіз» Шарты: Қапшықты немесе допты 3-4 метр қашықтықтағы шеңберге дәл лақтырады.	«Кедергілер жолағы» Шарты: Жүгіріп, секіріп, еңбектеп белгіленген кедергілерден өтеді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, колөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				